

Е. С. Тусупова
Ғылыми жетекшісі: С. Қ. Абильдина, педагогика ғылымдарының докторы, доцент
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың келешектегі бағыттарының бірі — ақпаратты интерактивті құралдарды оқу процесінде пайдалану.

Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру» Заңында ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу ақпараттық қызмет көрсету нарқын қалыптастыру үшін жағдайлар қамтамасыз етуге, электрондық құжат айналымы жүйесін дамыту, электрондық сандық қолтаңбаны қолдану үшін жағдайлар жасауға, ақпараттандыру саласындағы бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты ақпараттық технологиялар дамуының әлемдік деңгейін ескере отырып, қалыптастыруға және жүзеге асыруға бағытталағанын атап көрсетеді¹.

Ақпараттық технологиялар ұғымын анықтау үшін осы саладағы ғылыми зерттеулерге теориялық және әдістемелік тұрғыдан талдау жасалды. Соның негізінде «ақпараттық технология» ұғымына берілген анықтамалар жүйеленді:

– ақпараттық технология — ақпараттық ресурстарды қолдану процесін жеңілдетуге, олардың қауіпсіздігі мен жылдамдығын арттыруға бағытталған, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, шығару және тарату жұмыстарын атқаратын технологиялық тізбекке біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және программалық-техникалық құралдардың жиынтығы²;

– ақпараттық технологиялар — ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың әдістері мен құралдары³;

– ақпараттық технологиялар ақпаратты өңдеудің, жеткізудің, таратудың, информатиканың есептеу мен бағдарламалық құралдарын жасаудың машиналы (ЭЕМ-нің көмегімен) технологиясы⁴;

– ақпараттық технологиялар — адамдар білімін кеңейтетін және олардың техникалық, әлеуметтік процестерді басқару бойынша мүмкіндіктерін дамытатын ақпараттарды жинаудың, ұйымдастырудың, сақтаудың, өңдеудің, берудің және жеткізудің әдістері мен техникалық құралдарының жиынтығы⁵;

– қазіргі кездегі жаңа ақпараттық технологиялар — қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және қазіргі техникалық құралдар жиыны⁶ және т. б.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Қоғамның күрделі тіршілік әрекеті компьютерлік ақпараттық технологияның пайдаланылуына ықпал етіп, «Интернет» ұғымын өмірге енгізді. Интернет сөзі тікелей мағынасында халықаралық желі дегенді білдіреді (INTERNational NETwork). Интернет – бұл дүниежүзіндегі компьютерлер мен серверлер жиынтығы, ал қол жеткізуге болатын ақпарат көлемін тіпті бағалаудың өзі қиынға түседі. Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер ғаламдық деп аталады. Интернет – миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге

біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі⁷.

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі — ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы географиядан, физика, биологиядан және т. б. пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

Екінші режим — Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office – нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады «тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы және дайындалған материалды үлгі ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим — тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы.

Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды;
2. Тақта мен бордың көмегімен әртүрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес;
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады;
4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады;
5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді;
6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады;
7. Сабақтың өнімділігі артады;
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Сонымен, оқу процесінде интерактивті құралдарды пайдалану қазіргі заман талабы. Әр оқытушы шәкірттеріне заман талабына сай сапалы білім беру міндетті.

¹ Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру» Заңы. — Астана, 1994. 44-б.

² Информатика және компьютерлік техника. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2002. 256-б.

³ Коджаспиров Г. М., Коджаспирова А. Ю. Педагогический словарь. — М., 2000. С. 176.

⁴ Информатика в понятиях и терминах / Под ред. В. А. Извозчикова. — М., 1991. С. 321.

⁵ Кукушкин В. С. Современные педагогические технологии в начальной школе. — Ростов н/Д., 2003. С. 448.

⁶ Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под. ред. Е. С. Полат. — М., 2003. С. 272.

⁷ **Таутаева Г. Б.** Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдалану әдістемесі: Автореф. дис. ...
пед.ғыл.канд. — Алматы, 2010. 22-б.